«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Талас ауданының білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны»

Майтөбе ауылы 11.03.2026 жыл

Бұйрық №21

Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының» IV тарауын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының сақталуы қатаң жауапкершілікке алынсын.

2. Білім алушыларды отанға деген сүйіспеншілікке, адамдарды және дәстүрлерді құрметтеуге, білім мен еңбекке ұмтылуға, көргенділік пен адалдыққа тәрбиелеу;

- осы мәселе бойынша сынып жетекшілерімен жиналыс өткізілсін;
- оқушылар мен сынып жетекшілерінен, оқушылардың ата-аналарынан ақша жиналуына тыйым салынсын;

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары құрылсын.

4.Сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектепте жұмыс жасайтын барлық мұғалімдер мен қызметкерлер таныстырылып қолдары қойылсын.

5. «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбымен стенд безендірілсін.

6. «Сенім» жәшіктерге келіп түскен азаматтардың өтініштері, ұсынысы және арыздары, «Сенім телефоны» бойынша түскен өтініштер мен арыздарды талдау арқылы жемқорлық көріністерді мониторингілеу жұмыстары жүргізілсін.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық оқыту жауапкершілігі және осы бұйрықтың орындалуын қадағалау бөбекжай-бақша педагог-психологы З. Ережепбаевaға жүктелсін.

Негізі: Өндірістік қажеттілік

Бөбекжай-бақшасының меңгерушісі: **Г.Азимбаева**

Таныстым З.Ережепбаева

Scanned with CamScanner